

# ҚЫЗЫЛОРДА ДЕЛЕГАЦИЯСЫ «АЕМ АІ» ОРТАЛЫҒЫНДА БОЛДЫ



Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев бастаған облыс делегациясы Астана қаласына жұмыс сапары барысында «Алем АІ» халықаралық жасанды интеллект орталығында болды. Онда делегация мүшелері орталықтың қызметімен танысып, жасанды интеллект саласындағы заманауи технологиялар мен инновациялық жобаларды көрді. «Astana Hub» халықаралық технопаркінің бас директоры Мағжан Мәдиев орталықтың негізгі бағыттары, білім беру мен зерттеу мүмкіндіктері туралы ақпарат берді.

Кездесу барысында өңірдегі жобаларды жүзеге асыруда цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті пайдалану жайлы сөз болды. Сонымен қатар цифрландыру және жасанды интеллект саласындағы бірлескен бастамаларды іске асыруға, тәжірибе алмасуға қатысты мәселелер де талқыланды.

Бүгінде «Kyzylorda Hub» өңірлік технопарк базасында инновациялық жобаларды қолдау, жергілікті IT-қоғамдастықты дамыту және жастардың цифрлық дағдыларын арттыруда жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Бұдан бөлек, облыс әкімі Astana Smart City жобасының Ситуациялық орталығындағы қалалық инфрақұрылымды бақылау, деректерді талдау және қала қызметтерінің жұмысын нақты уақыт режимінде үйлестіру мүмкіндіктерімен танысты.

«Ақмешіт-ақпарат»

## УӘДЕ

### ТҮРҒЫНДАР ТІЛЕГІН ТЫҢДАҒАН ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫСЫ



«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының аясында халық қалаулыларына жүктелген міндеттердің бірі – тұрғындармен тұрақты кездесіп, елді мекендердегі өзекті мәселелерді көзбен көріп, олардың шешілуіне ықпал ету. Бұл бағытта депутаттардың

ауыл-аймақты аралап, халықпен тікелей тілдесуі тұрғындардың мұн-мұқтажын дер кезінде анықтауға және жергілікті жердегі түйткілдердің оң шешім табуына мүмкіндік береді. Осы орайда, қалалық мәслихат депутаты Талғат Мақаштың Қарауылтөбе ауылдық округіне сапары тұрғындардың көкейінде жүрген көптеген сауалдардың түйінін тарқатты. Депутат құрғақ есеппен шектелмей, әрбір көшені аралап, әрбір шаңырақтың тілегін тыңдап, халықпен ашық жүзесті.

2-БЕТТЕ

### ҚЫЗМЕТ ОРНЫНДАҒЫ ҚЫСЫММЕН ҚАЛАЙ КҮРЕСЕМІЗ?



Қазақстанның еңбек нарығында «жабық тақырып» саналатын жұмыс орнындағы қысым мен тиісу ресми заңнамалық деңгейде шешімін таппақ. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәлімдеуінше, тиісті заң жобасы 2026 жылдың күзінде Парламент қарауына түседі.

2-БЕТТЕ



# Ақмешіт

13 маусым  
сенбі

№44 (2256)

2026 жыл

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

## апталығы

### ■ ПРЕЗИДЕНТ ПӘРМЕНИ

## ЗЕРДЕЛІ ҰЛТ БОЛУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

«Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» деп жазушы Әбіш Кекілбаев айтқандай, кітаптан алған білім сарқылмайтын рухани құнды қазына. Расында, кітап – адамзат баласының сан ғасырлық ақыл-ойын, рухани тәжірибесін сақтап келе жатқан қазына. Соңғы жылдары Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кітап оқу мәдениетін дамыту мәселесіне ерекше назар аударуда. Жақында қабылданған «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» жарлық – соның дәлелі. Бұл бастама – жастардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, рухани құндылықтарды дәріптеуге бағытталған маңызды қадам.

### Кітапқа қызығушылық артып келеді

Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның сөзіне сүйенсек, қоғамда кітапқа деген қызығушылық артып келеді. Әсіресе, балалар әдебиетіне сұраныс еселене түскен. Соңғы жылдың өзінде бұл көрсеткіш 75 пайыз өскен. Ал қазақ классикасына және қазақ тіліне аударылған әлем әдебиетінің таңдаулы туындыларына



деген сұраныс та 50 пайыз өскен. Ендігі міндет – осы оң үрдісті жүйелі түрде қолдау және одан әрі дамыту. Бүгінде еліміздегі кітапханалардың қызметін жыл сайын миллиондаған азамат пайдаланады.

– Кейінгі жылдары кітапханалардың цифрлық мүмкіндіктері де артып келеді. Электронды кітапхана ресурстарын пайдаланушылар саны 30 пайыз өсіп, 718 мың адамға жетті. Ал кейінгі бес жылда электронды форматтағы кітаптарды 9 миллионнан астам адам пайдаланған. Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау аясында жаңа форматтағы кітапханалар құру, оларды көпфункционалды қоғамдық кеңістік ретінде дамыту, цифрлық құралдарды кеңінен енгізу және азаматтардың сапалы білім мен ақпаратқа қолжетімділігін арттыру жұмыстары жалғасуда. Президенттің «Кітап оқитын ұлт» тұжырымдамасы

аясында елімізде 36 қалалық және ауылдық кітапхана жаңғыртылды. 2026 жылы тағы 30 кітапхананы жаңғырту жоспарланып отыр. Бұл бағыттағы маңызды жобалардың бірі – жалпыға қолжетімді Ұлттық цифрлық кітапхана платформасын құру. Аталған платформа еліміздегі кітапхана қорларын бір жүйеге біріктіріп, өңірлердегі оқырмандарға қажетті әдебиет пен білім ресурстарына еркін қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар отандық жазушылар мен ақындарды қолдау, кітап шығару ісін дамыту, баспалар мен кітап таратушылардың жұмысын ынталандыру, ұлттық әдеби мұрасымызды ел ішінде және шетелде кеңінен насихаттау мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді, – деді Аида Ғалымқызы.

Министрдің айтуынша, алдағы уақытта «Кітапхана және баспа ісі туралы» жаңа заң әзірленеді. Кітап оқу мәдениетін дамытуға үлес қосқан азаматтар мен ұйымдарға арналған Ұлттық сыйлық тағайындалады. Сонымен бірге «Жылдың 10 оқырманы» республикалық жобасы іске қосылып, жасанды интеллект дәуіріндегі кітап пен кітап оқу мәдениетінің жаңа бағыттарын айқындайтын 2027-2031 жылдарға арналған «Зерделі ұлт» тұжырымдамасы бекітіледі.

– Мемлекет басшысының Жарлығы кітапхана мен кітап ісі саласына тың серпін береді деп сенемін. Ең бастысы, бұл кітап оқитын, ойланатын, ізденетін, білімді әрі жасампаз ұлт қалыптастыру жолындағы нақты қадам болмақ. Үкімет Мемлекет басшысы Жарлығында белгіленген міндеттерді сапалы орындауға атсалысады, – дейді А.Балаева.

3-БЕТТЕ

### ■ АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ

## ЕҢБЕКПЕН ЕҢСЕ ТІКТЕГЕН АУЫЛ

Таң сібірілеп атқаннан білек сыбанып еңбек етуге жұмылатын бірлігі бекем, тірлігі тындырымды ауыл бар. Ерте қылған тірлікте береке бар. Берекесі бар елді несібе мен ризық өзі іздеп табады. Қала іргесіндегі 70 жылдан астам тарихы бар Абай ауылы еңбексүйгіш тұрғындар екенін дәлелден тұрғандай.

Елді мекенге табан тірегенше жол бойында құланды бие, сиыр, жылқылар ауылдың берекесін кіргізіп, көкке тояттап жайылып жүр. «Малдың беті жарық...» деп Абай атамыз айтқандай, тап-түйінақтай ауылда береке бары сезіледі. Оның үстіне елдің бағына орай, жайылым да жетерлік. Ең бастысы абайлықтардың көпшілігі қарапайым еңбектен қашпай, жалқаулық пен бойкүйездікті бойдан сілкіп тастап,



нопақасын адал еңбек, маңдай термен тауып жүрген, еңбекпен есейіп, еңсе тіктегендер. Алақандай ауылда үйдің іргетасын қалап, бетон құюшылар, газ

құбырын жүргізушілер бригадасы, мал өсіріп бордақылаушылар, түрлі кәсіптің түрін менгергендер тұрады.

4-БЕТТЕ

Аялаймын сені, Қызылорда!

### ■ МӘСЕЛЕ



## ЕҢБЕККЕ ЕРТЕ АРАЛАСҚАН ДҰРЫС ПА?

Қазіргі технология қарыштап дамыған заманда балалардың бос уақытының басым бөлігі смартфон мен әлеуметтік желіге қараумен өтуде. Үй шаруасына көмектесу, бау-бақша күту, қоғамдық жұмыстарға қатысу секілді қарапайым еңбек түрлерінен қашақтайтын балалар көп. Сондықтан жас ұрпақты еңбекке баулу мәселесі бүгінгі қоғам үшін өзекті болып отыр. Ұлы ойшыл әл-Фараби «Тәрбиенің көзі – еңбекте» деп бекер айтпаған. Еңбек адамды жауапкершілікке, тәртіпке, төзімділікке үйретеді. Тіпті білім алудың өзі үлкен еңбекті талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда баланы жастайынан еңбекке баулу оның болашақ өміріне берік негіз қалыптастырады. Ата-аналардың көбі баланы еңбекке ерте үйрету дегенді құптайды.

3-БЕТТЕ

### Баспасөз-2026

#### АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Баспасөзге 2026 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүруде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңізге жазылуды ұмытпаңыз. Жекелер үшін 6 айға – 4000 теңге, мекемелер үшін – 5000 теңге. Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

## «АУЫЛ АМАНАТЫМЕН» КӘСІБІН КЕҢЕЙТТІ



Талсуат ауылдық округінің тұрғыны Жанат Тоқмейлова 10 жылдан бері мал шаруашылығымен айналысып келеді. Кәсібін кеңейту мақсатында «Ауыл аманаты» жобасы арқылы 7 миллион теңге көлемінде жеңілдетілген несие алып, қаржыны мал басын көбейтуге және шаруашылығын дамытуға жұмсаған.

4-БЕТТЕ

## ӘЛЕУМЕТТІК САЛАНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ

Әлеуметтік салаға мемлекет тарапынан үзбей қамқорлық жасалуда. Зейнеткерлердің де денсаулығы, салауатты өмір салты, тыныс-тіршілігі қоғам назарынан тыс қалған емес. Жұмыссыздықпен де күрес нәтижесі жемісін беріп келеді. Бүгінде қиын жағдайға ұшыраған аналарға көмек қолын созу мемлекеттің басты бағдарына айналып, халық қалаулыларының тұрақты бақылауында.

Қалалық мәслихат төрағасы И.Құттықожаев, депутаттармен бірге Қызылорда қалалық мәслихатының кезекті сессиясында қаралатын негізгі мәселе – «Қызылорда қаласы бойынша әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы жандарға көмек көрсету және оларды жұмыспен қамтудың жай-күйімен» танысып, талқылау мақсатында облыстық жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар мен облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшыларының орынбасарлары, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы, салаға қатысты мекеме басшылары, БАҚ өкілдерімен бірге қаланың әлеуметтік қорғау саласы нысандарын аралады.

Ең алдымен депутаттар қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің жұмысымен танысты. Бөлім жергілікті деңгейде халықты жұмыспен қамту және мемлекеттік арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді үйлестіру бағытында 16 мемлекеттік қызмет түрін көрсетеді.

Депутаттар аралау барысында осал



топтағы жандарға әлеуметтік көмек көрсету және мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау бөлімшелерінің мамандарымен, сондай-ақ қызмет алушы тұрғындармен пікірлесі.

Пікірлесу барысында депутаттар бөлімнің халыққа сапалы қызмет көрсету жұмыстары мен мүгедектігі бар адамдарға арналған екінші қабатқа көтеріліс құрылғысын орнату туралы ұсынысын назарға алды.

Сонымен қатар депутаттар «Мансап» орталығының ұйымдастыруымен өткен «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесімен танысты. «Қызылорда қаласының Мансап орталығы» жыл басынан 5 рет «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесін өткізген. Жәрмеңкеге барлығы 107 жұмыс беруші

мекемелерден 1401 бос жұмыс орындары ұсынылып, 1553 адамға жолдама беріліп, 252 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Депутаттар жұмыс іздеуші жастармен, тұрғындармен сұхбаттасып, алдағы уақытта «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесін әлеуметтік желілер мен БАҚ-да кеңінен ақпараттандырып отыру қажеттігін көтерді. Мұнан соң халық қалаулылары Қызылорда қалалық отбасын қолдау орталығының жұмысымен танысты.

Жыл басынан бері кеңес беру және кешенді сүйемелдеу бағыты бойынша орталық мамандарымен 1026 азаматқа жалпы саны 1058 қызмет көрсетілген. Өмірлік қиын жағдайға тап болған азаматтарға уақытша тұру мүмкіндігін беру арқылы қолдау көрсетілді.

Г. АСҚАРҚЫЗЫ

БАСЫ 1-БЕТТЕ

## ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІН ТЫҢДАҒАН ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫСЫ

Жұмыс сапары аясында депутат С.Байсейітов көшесіндегі жағдаймен танысты. Мұндағы жұртшылықты толғандыратын мәселелердің салмағы да аз емес. Тұрғындардың айтуынша, көше бойымен ауыр жүк көліктерінің жиі жүруінен жол жабындысы бүлініп, ойық-шұңқырлар көбейген. Пайда болған тесіктер жаяу жүргіншілер мен жеңіл көлік иелеріне қолайсыздық туғызып қана қоймай, жол қозғалысының қауіпсіздігіне де үлкен қатер төндіреді. Көшеде салмағы 8 тоннадан асатын жүк көліктеріне тыйым салынғанымен, бұл талап іс жүзінде сақталмай келеді екен. Депутат Талғат Мақаш бұл заңсыздықтардың алдын алу үшін кешенді шаралар қабылдау қажеттігін атап өтіп, құзырлы органдардан мәселелерді қарастыруды сұрады.

Жол инфрақұрылымы – халықтың ортақ игілігі. Оның бұзылуына жол беруге болмайды. Сондықтан қойылған шектеулердің сақталуын күшейту – басты міндет. Тұрғындардың өтінішін назарға ала отырып, құқық бұзушылықтардың алдын алу қажет. Жол қозғалысы тұрақты бақылап жүк көліктерінің қозғалысына қойылған шектеу сақталуын күшейту мақсатында С.Байсейітов көшесіне бейнебақылау камераларын орнату



мәселесін қарастыруға, сондай-ақ аталған мәселе толық шешімін тапқанға дейін жол-патрульдік полиция қызметкерлерінің қатысуымен тұрақты рейдтік іс-шаралар ұйымдастыруға құзырлы органдарға ұсыныс бердім, – деді депутат.

Қарауылтөбе ауылдық округі тұрғындарын толғандыратын тағы бір мәселе – көше бойындағы санитарлық жағдай. Кейбір үй иелерінің шошқа және жылқы малдарын асырауына байланысты төңірекке жағымсыз иіс тарап, көрші-қоланның наразылығын тудырады. Бұл жағдай

тұрғындардың күнделікті тұрмысына қолайсыздық тудырып отырғаны ашық айтылды. Мәселенің төркіні жағымсыз иіс пен санитариялық нормалар екен. Сондай-ақ иппотерапия қызметін ұйымдастыру туралы жоспар да тұрғындар арасында үлкен алаңдаушылық туғызып.

Көше тұрғындарымен өткен кездесуде белгілі болғандай, кейбір үй иелерінің өз ауласында шошқа мен жылқы малдарын ұстауы төңірекке иіс таратып, көршілердің орында наразылығын тудырып отыр. Тұрғын үй секторында мал ұстаудың өзіндік санитариялық-

эпидемиологиялық нормалары мен талаптары бар екені белгілі. Біз кәсіпкерлікке немесе мал шаруашылығына қарсы емеспіз, бірақ кез келген іс көршілердің құқығын бұзбай, санитариялық талаптарға сай жүргізілуі тиіс. Ауыл тұрғындарының денсаулығы мен таза ауада дем алуы маңызды. С. Байсейітов көшесіндегі мал ұстау жағдайларына жан-жақты зерделеу жүргізу, қолданыстағы санитариялық нормалардың сақталуын тексеру керек, – деді Талғат Мақаш.

Балалар қауіпсіздігі – басты назарда

Қарауылтөбе ауылдық округінің тұрғындармен кездесу барысында балалардың бос уақытын тиімді әрі қауіпсіз өткізу мәселесін депутат С.Байсейітов көшесіндегі балалар ойын алаңының бүгінгі жай-күйіне қатысты бірқатар өзекті мәселе айтылды. Аталған көшедегі ойын алаңы кәзіргі уақытта заман талабына сай емес, ойын құрылғыларының тозуы мен техникалық жай-күйі балаларға қауіптілігі сөз болды. Сонымен қатар ауылдағы балалар санының артуына байланысты қолданыстағы ойын элементтері жеткіліксіз болып отыр. Ата-аналар алаңды

қосымша жаңа құрылғылармен толықтырып, аумақты қолайлы демалыс орнына айналдыруды сұрауда. Талғат Мақаш балалардың қауіпсіздігі мен сапалы демалыс орындарының маңыздылығын атап өтіп, өз бақылауына алатынын жеткізді.

С. Байсейітов көшесінде орналасқан балалар ойын алаңының техникалық жай-күйі мен сапасына қатысты тұрғындар тарапынан бірқатар ұсыныс-пікірлер айтылды. Балалардың қауіпсіздігі мен қуанышына келгенде ешқандай үнемдеу болмауы тиіс. С. Байсейітов көшесіндегі ойын алаңы – тек ойынатын жер емес, ауыл балаларының дені сау, қауіпсіз ортада өсуінің кепілі. Бұл мәселенің он шешілуіне бар күшімізді саламыз, – деді депутат.

Депутат тұрғындар көтерген әрбір мәселенің маңыздылығына тоқталып, олардың заң шеңберінде шешілуіне ықпал ететінін жеткізді.

Біздің мақсатымыз – халықтың мұң-мұқтажын тыңдап қана қоймай, оның нақты шешілуіне қол жеткізу. Көтерілген мәселелер бойынша тиісті халық ұсынысын ескере отырып, мемлекеттік мекемелерге сауаулар жолданып, жұмыстар жүргізілетін болады, – деді Талғат Бақытбекұлы.

Думан КЕЧШЛІК

БАСЫ 1-БЕТТЕ

## ҚЫЗМЕТ ОРНЫНДАҒЫ ҚЫСЫММЕН ҚАЛАЙ КҮРЕСЕМІЗ?

Көпшілік үшін «харассмент» сөзі әлі де жат көрінуі мүмкін, бірақ оның артында мыңдаған адамның тағдыры тұр. Күнделікті жұмыс орнындағы жағымсыз пікірлер, шектен шыққан тиісулер немесе басып-басып тарапанып болатын лауазымдық қысымдар біздің қоғамда «қалыпты жағдай» ретінде қабылданып келді. Себебі, қолданыстағы заңда мұндай әрекеттерді тыятын нақты тетік болмады. Алайда, алдағы күзде Парламентке енетін жаңа заңның арқасында енді әрбір қызметкер жұмыс орнында өзін еркін әрі қауіпсіз сезіне алады. Бұл заң несімен маңызды және ол қазақстандықтардың еңбек жағдайын қалай өзгертпек?

Жоғарыда айтқанымыздай, бұл заң осы күзде Парламент қарарына енгізіледі. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Ертаев үкіметте өткен брифингте түпкілікті шешім Парламентке қабылданатынын, заң жобасының өзін билығы күзде құрылтай қарауына енгізулі жоспарланғанын айтты. Бұл түзету Халықаралық еңбек ұйымы ұсынымдары аясында бастама етіп көтерілді. Халықаралық ұйым бірқатар елдерге, соның ішінде Қазақстанға да харассмент ұғымын заңнамалық деңгейде бекіту жөнінде ұсыныс берді. Заң жобасында, харассмент пен жынныстық сипаттағы қысым ұғымдары нақтыланды. Келесісі оқиға анықталған жағдайда жұмыс берушінің жауапкершілігі қарастырылды, – деді Асқарбек Ертаев. Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау бірінші вице-министрі Ербол Тұяқбаев заң жобасы қазір мемлекеттік органдарда келісу сатысында екенін, жұмыстық жағдайды бекіткенге дейін жеткізетінін мәлімдеді.

Халықаралық үзік тәжірибелер ескеріледі. Қандай да бір талап енгізілсе, соған сәйкес екінші кезекте әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік те қарастырылады, – деп нақтылады вице-министр.

Біріккен Ұлттар ұйымының 2022 жылы ұсынған дерегіне сәйкес, әлемдегі қызметкерлердің шамамен 23%-ы жұмыс орнында зорлық-зомбылыққа немесе жынныстық сипаттағы қысымға тап болады. Алайда Біріккен Ұлттар ұйымы бұл көрсеткіш нақты жағдайды толық көрсетпейді мүмкін. Себебі зардап шеккендердің едәуір бөлігі болған оқиға туралы хабарлауға батылы жетпейді.

Қазіргі заңнамада «харассмент» ұғымының болмауы жұмыс орнындағы қудалау фактілерін құқықтық тұрғыдан бағалауды қиындатады. Жұмыс орнында қысым көрген адам өз құқығын қорғауға келгенде дәрменсіз күй кешеді. Себебі, полицияға немесе сотқа барғанда «ол маған жағымсыз сөздер айтты» немесе «еркімнен тыс тиісті» деген арыз көбіне «қылмыс құрамының жоқтығынан» жабылып қалады. Қолданыстағы заң физикалық зорлық-зомбылыққа ғана ден қойып, психологиялық және эмоционалды қысым түрлерін толық қамтымайды. Көбіне құрбандар жұмысынан



айырылып қалудан немесе ұятқа қалудан қорқып, харассмент туралы тіс жармайды. Нақты заңның болмауы мәселені одан сайын күшейтіп отыр. Көбіне харассмент бағынышты қызметкер мен басшы арасында орын алып, заң тетіктері болмаған соң, басып-басып бұл жағдайды жеке басының мүддесіне пайдаланады. «Бұл жай ғана қалжың» ойы немесе «сеің жұмысқа қабылетіңді тексерді» деген сылтаулармен жауапкершіліктен қашады.

Заңдағы жаңа өзгеріс әлемдік деңгейдегі ортақ стандарттарға ұғымы десе де болады. 2019 жылы Халықаралық еңбек ұйымының 187 мүше мемлекеті тарихи келісімге келіп, әрбір адамның зорлық-зомбылық пен қудалаусыз жұмыс істеу құқығын мойындады. Бүгінде әлемнің 120 елінде жұмыстағы

жынныстық қудалаудың алдын алуға бағытталған арнайы заңдар жұмыс істеп тұр.

Дегенмен, статистика әлі де көңіл көншітпейді: әлем елдерінің 33%-дан астамында жұмыс орнындағы қудалауға қарсы ешқандай құқықтық тосқауыл жоқ. АҚШ-тың тәжірибесінде харассмент заңсыздық ретінде бағаланады. Сол сияқты Канадада жұмыс орнындағы кез келген жынныстық қудалау түріне тыйым салатын еңбек стандарттарын қабылдаған. Ұлыбританияда жынныстық қудалау 1986 жылы қабылданған. Басқа біреудің қадір-қасиетін қорлайтын әрекеттер, соның ішінде жағымсыз жынныстық мінез-құлық қудалау болып саналады.

Еуропалық Одақтың ресми директивасы ерлер мен әйелдерде жұмысқа орналасу және мансаптық

өсу кезінде тең қарауды талап етеді. Ал жынныстық қудалау заңсыз кемсітушіліктің бір түрі ретінде танылады.

Франция заңының ерекшелігі – жазаның қатаңдығында. Бұл ережелерді бұзғандар 2 жылдан 3 жылға дейін бас бостандығынан айырылып, қомақты мөлшерде айыппұл төлейді. Мұндай қатаң шаралар жұмыс орнындағы тәртіпті күшейтіп қана қоймай, әрбір қызметкердің жеке шекарасын құрметтеу мәдениетін қалыптастырады.

Халықаралық еңбек ұйымының 2021 жылғы сауалнамасына сәйкес, жұмыспен қамтылғандардың 22,8 пайыздан астамы жұмыста зорлық-зомбылық пен қудалауға келетін болсақ, жұмыспен қамтылған әйелдердің 8,2%-ы жұмыс кезінде мұндай жағдайға тап болғанын хабарлады, ал ерлерде бұл көрсеткіш 5%-ды құрайды.

Eurostat, Еуропалық Одақтың Негізгі құқықтар жөніндегі агенттігі және Еуропалық Гендерлік теңдік институтының 2024 жылғы сауалнамасы ЕО-дағы әйелдердің 30,8%-ы өмірінде жұмыста жынныстық қудалауға ұшырағанын, ал 4,3%-ы сауалнамаға дейінгі 12 айда оны бастан кешіргенін көрсетті. Сондықтан көптеген мемлекет жұмыс орнындағы жынныстық қудалауға қарсы күресті күшейтіп, жаңа құқықтық тетіктерді қолға алуда.

Д.РАХЫМЖАНУЛЫ

Қазіргі қоғамда жұмыспен қамту мәселесі экономикалық дамуыңа ғана емес, әлеуметтік тұрақтылықты да маңызды көрсеткіш болып саналады. Жұмыссыздық деңгейінің артуы халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер етіп, кедейлік, әлеуметтік теңсіздік және көші-қон сияқты өзекті мәселелерді күшейтеді. Сондықтан мемлекет үшін тиімді жұмыспен қамту саясатын қалыптастыру – басты міндеттердің бірі.

## БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ



Сонғы жылдары қала экономикасында орасан зор өзгерістер орын алуда. Атап айтқанда, еңбек нарығындағы жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі және жұмыспен қамтылған халықтың тұрақты өсуі байқалады.

Бұл адамдардың жұмыс табуына жақсы мүмкіндік. Қалада өткізілген жұмыс жәрмеңкесі осындай мақсатты көздейді. Қала әкімдігімен «Мансап орталығы» бірлесіп, орталық филиалында ұйымдастырған жәрмеңкеге жұмыс берушілер де, іздеушілер де қызғашылық танытты. Оған жұмыс іздеп жүргендер және жоғары оқу орындары мен колледж түлектері қатысты.

Жәрмеңкеде қаладағы 9 мекеме 172-ден астам бос жұмыс орынын ұсынды. Әрине, әркімнің таңдауы бар. Қатысушыларға еңбек нарығындағы мүмкіндіктер, мемлекеттік бағдарламалар аясындағы қолдау шаралары мен кәсіпкерлік бастамаларды дамыту

жолдары түсіндірілді. Қорытындысында 35 адам тұрақты жұмыс тапты. Ал 14 жас маман жастар тәжірибесі арқылы жолдама алды.

Сонымен қатар субсидияланатын жұмыс орындары бағдарламалары бойынша да жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Қоғамдық жұмыстарға 2026 жылы 950 адамды тарту жоспарланса, жыл басынан бері 285 мекемемен келісімшарт жасалып, 1219 адам жолданды. Олардың 212-сі – мүгедектігі бар азаматтар. Әлеуметтік жұмыс орындары бойынша 4 мекемемен келісім жасалып, 8 адам жұмысқа жіберілді.

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне жүгініп, республикада жұмыс таба алмай жүргендердің саны бұлтартғы бірінші тоқсандары 451 5 адамнан биылғы бірінші тоқсан қорытындысында 446 049 адамға дейін азайған. Бұл еңбек нарығындағы оң үрдістердің қалыптасып келе жатқанын көрсетеді.

Зерттеулерге сүйенсек, бүгінде Қазақстан экономикасының түрлі саласында 9,4 млн адам жұмыспен қамтылды. Оның ішінде 7,3 миллионы жалдамалы жұмыспен айналыса, 2,1 млн адам өзін-өзі жұмыспен қамтып.

Жұмыспен қамтылғандардың басым бөлігі сауда, білім беру, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы салаларында еңбек етеді. Жұмыспен қамту бағытындағы мұндай шаралар азаматтардың тұрақты табыс табуына, еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың үйлесуіне және өмірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң ықпал етеді.

«Ақмешіт-ақпарат»

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ СЫЙЛЫҚ БЕРУДЕН БАСТАЛАДЫ

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес өзекті мәселелердің бірі. Бұл кесел біздің де дамуы жас мемлекетіміздің дамуына айтарлықтай кедергі келтіретін анық. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу еліміздің әрбір азаматының борышы, әрбір мемлекеттік қызметкердің міндеті. Осы бағыттағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің бір көрінісі – мемлекеттік қызметкерлердің өзін жұмысынан атқаруы барысында өзіне ұсынылған сыйлықтарды жасырмай, арнайы мекемелерге тапсыруы болып табылмай.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға тенеіріліген адамдардың, лауазымды адамдардың, сондай-ақ, көрсетілген функцияларды орындауға уәкілеттік берілген кандидаттар болып табылатын адамдардың өз өкілеттіктерінен жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануына екеп соғуы мүмкін әрекеттері жасауына жол бермеу мақсатында, аталған адамдар өздерінің қызметтік өкілеттіктері орындауына байланысты сыйлықтар қабылдау бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдады.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңда өздерінің мемлекеттік немесе соған тенеіріліген функцияларын атқаруға байланысты қызмет бабында өздеріне тәуелді мемлекеттік қызметшілерден жеке өзге адамдардан жалпы қамқорлықты немесе қызмет бабында бетімен кетудің үшін сыйлықтарды немесе көрсетілген қызметтерді қабылдауы мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтары болып танылатындығы белгіленген.

Сондықтан мемлекеттік қызметтерді атқаратын адамдар табысталған сыйлықтардың кез келген түрлері бойынша біліп, не білмей қабылдаған жағдайларда өз еріктері бойынша ҚР Қаржы министрлігі жанындағы арнаулы мемлекеттік қорғау өткізуші қажет.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 26.07.2002 жылғы №833 қаулысымен қабылданған «Жеке елеген негіздер бойынша мемлекет меншігін айналырған (түскен) мүлікте есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидасына» сәйкес, табысталған сыйлықтарды арнаулы мемлекеттік қорғау тапсыру, оларды сақтау алу, сондай-ақ сату қызметтері мемлекеттік мүлік басқару жөніндегі уәкілетті органы (Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті) арқылы атқарылып келеді.

Аталған қағидамен белгіленген тәртіптіліктерге сәйкес, атап айтқанда тұлғалар сыйлық алғанын білгеннен кейін 7 күнтізбелік күн ішінде берілген (табысталған) сыйлықты уәкілетті органға өткізуге қажет. Сыйлықты өткізу тұлғаның өзінің сатып алуы не болмаса сатып алудан бас тарту туралы жазбаша хабарламасын тіркей отырып, табысталған сыйлықты мүлікте қабылдау-тапсыру актісін өткізеді.

Лауазымды тұлға өзіне ұсынылған сыйлықты сатып алуға құқылы ал-уәкілетті орган сыйлықты өткізген тұлғадан тиісті хабарлама алғаннан кейінгі 7 күнтізбелік күн ішінде сыйлықты бағалауын жасайды және көрсетілген тұлғаман сатып алу-сату туралы шарт жасасады.

Уәкілетті орган арнайы мемлекеттік қорғау сыйлықты үшінші тұлғаларға сатуға сыйлықты өткізген тұлғаның сатып алудан жазбаша бас тартуынан кейін ғана сатуға құқылы, яғни сыйлықты өткізуді тұлға сатып алудан жазбаша бас тартқаннан кейін өткізілген сыйлықтар бекітілген қағидаға сәйкес, тәуелсіз бағалаушылармен бағаланып, мемлекеттік тізілімнің веб-порталы (www.e-qazyna.kz) арқылы жалпыға бірдей электрондық аукцион арқылы сауда-саттыққа шығарылады. Сатылудан түскен қаражаттар мемлекеттік бюджетке жағымсыз.

Өз кезегінде, тұлғаның уәкілетті органға сыйлық түріндегі мүліктерді толық және (немесе) уақыты бермеуі әкімшілік-құқықтық жауапкершілікте болатындығын білуді қажет етеді.

Жалпы сыбайлас жемқорлықпен күресуе жеке адамдардың немесе жеке елеген топтың ғана емес, мемлекеттік органдардың, мемлекеттік қызметкерлердің, тұтастай қоғамның басты міндеті мен борышы. Осыны шынайы орындауы үшін әрбір тұлға өзінің жан-дүниесін ұдайы таза, адал ұстауы тиіс. Сонда ғана олар қараймы халықтың сенімін ақтап, қоғамның дамуына тежеусіз дамуына үлес қосқан болар еді.

К.Б.ШАЗАТОВ,

Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің Жекелеген негіздер бойынша түскен мүлікпен жұмыс бөлімінің бас маманы

## СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының экономика және қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 26-39-64 сенім телефоны жұмыс жасайды.

# ЗЕРДЕЛІ ҰЛТ БОЛУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Басы 1-бетте

## АЙМАҚТАҒЫ КІТАПХАНАЛАРДЫҢ БҮГІНГІ ЖАҒДАЙЫ

Облыс көлемінде халыққа қызмет көрсетіп отырған 209 мемлекеттік кітапхана бар. Кітапханалардың жалпы кітап қоры қазіргі таңда 4 млн 564 мыңға жуықтады. Оқырман саны да жылдан жылға артып келеді. Өйткені кітапханадағы ерекше атмосфера, оқырманға деген жайлылық, серелердегі түрлі бағыттағы кітаптар әлемі өз оқырмандарын кітапханаға ерекше тарттады. Соңғы жылдары өңірдегі кітапханаларды жаңғырту бағытында маңызды қадамдар жасалған. Атап айтқанда, облыс көлеміндегі 7 ауданда «Руханият орталықтары» салынып, пайдалануға берілген. Орталықтардың пайдалануға берілуі Сыр еліндегі мәдениет пен өнер саласында ауқымды жобалар мен жақсы жаңалықтардың жүзеге асырылып жатқандығының дәлелі. Орталықтарға көшірілген кітапханаларға келушілер үшін кітап оқуға, шығармашылық дамуына және түрлі үйірмелерге қатысуға барлық жағдай жасалған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» жарлыққа қол қойды. Ел Президенті бұған дейінгі Жолдауларында да «кітап оқитын ұлт» қалыптастыру идеясын тұрақты айтып келеді. Қабылданған жарлық кітапхана ісін жаңғыртуға, отандық әдебиетті қолдауға, жастардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға және цифрлық білім ресурстарын дамытуға жаңа серпін береді. Себебі оқу мәдениеті – тек жеке тұлғаны емес, тұтас ұлттың интеллектуалдық әлеуетін айқындайтын басты көрсеткіштердің бірі. Ө.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы қоғамда болып жатқан барлық жаңалық жаршысы деп айтуға толықтай негіз бар. Оған дәлел, Мемлекет басшысының жарлығы аясында өңірде көптеген жобалар жоспарланып, қазіргі таңда мектеп оқушылары арасында облыстық «Жазғы оқу сайысы», ересек оқырмандар арасында облыстық «Үздік оқырман – 2026» байқауы, облыстық «Кітап керуені» акциясы басталып кетті. Аталған жобалардың мақсаты – кітапхана мен оқырман арасында тығыз қарым-қатынас орнату, оқу мәдениетін дамыту, зерделі ұлт қалыптастыру, ұлттық және әлемдік үздік шығармаларды насихаттау және де, ең бастысы кітапхананы зияткерлік ортаға айналдыру. Мемлекет басшысының жарлығы аясында жүзеге асырылатын шаралар мен жобалар мұнымен шектеліп қалмайды. Облыс көлеміндегі барлық кітапханалар кітап оқу мен оқитын ұлт қалыптастыру мақсатында ауқымды шаралар жоспарлануда. Бұл жұмыс кезең-кезеңімен жыл аяғына дейін жүргізілетін болады, – дейді Ө.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы басшысының орынбасары Айгүл Есенқызы.

Айгүл Есенқызының айтуынша, қазіргі таңда облыс кітапханаларында айтулы жетістіктер мен көрсеткіштердің өсуі анық байқалады. Барлық аудандық, ауылдық кітапханаларда «Адал адам» мәдени-тәрбиелік орталық жанынан «Әлем BOOK» оқырмандар клубы құрылып, жоспар бойынша мәдени шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Кітапханаларды жастардың тұрақты келіп тұратын заманауи білім орталықтарына айналдыру мақсатында облыс көлеміндегі 89 кітапханада коворкинг орталығы жұмыс жасайды. Коворкинг орталықтарында білемін, іздеймін, оқимын, жұмыс жасаймын, демалымын деген жастар үшін толық мүмкіндік жасалған.

## АУЫЛ КІТАПХАНАСЫНЫҢ АХУАЛЫ ҚАНДАЙ?

Аймақта ауылдық жерде 165 кітапхана бар. Әрине, ауылдық кітапханалардың өз оқырманы бар, яғни кішкентай бұлдіршінінен бастап, үлкен жастағы тұрғындар – ауыл кітапханаларының тұрақты оқырмандары. Қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарағанда Ақсуат ауылдық округіндегі №8 кітапхана оқырмандарға сапалы кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсетіп қана қоймай, білім мен мәдениеттің, руханият пен тәрбиенің алтын ордасы болып отыр.

Мұнда оқырмандарға компьютерлік қызмет көрсету, интернет пен Wi-Fi желісін пайдалану мүмкіндігі қарастырылған. Кітапхана қорында 17 420 дана кітап сақталса, тұрақты оқырмандар саны 850-ге жетіп отыр. Бұл көрсеткіштер кітапхана қызметінің ауыл тұрғындары арасында



жоғары сұранысқа ие екендігін аңғартады. Кітапханада тұрғындарды кітап оқуға баулу, ұлттық және рухани құндылықтарды насихаттау мақсатында әдеби кештер, танымдық кездесулер, кітап көрмелері, мәдени-көпшілік іс-шаралар мен түрлі жобалар тұрақты түрде ұйымдастырылады. Сонымен қатар «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығы аясында құрылған «Әлем-BOOK» оқырмандар клубы табысты жұмыс жүргізіп, балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға өз үлесін қосуда. Ауылдық кітапханалар арасында жүзеге асырылып жатқан «Ауыл Life» жобасы да нәтижелі жалғасын келеді. Жобаның негізгі мақсаты – ауылдан шыққан ақын-жазушыларды, өнер мен мәдениет қайраткерлерін, сондай-ақ кітапты өмірлік серік еткен үлгілі оқырман отбасыларын насихаттап, олардың өнегелі өмір жолын кейінгі ұрпаққа үлгі ету. Осы жоба аясында «Туған жерге құрмет – елге қызмет» атты тағалымды кездесу кеші ұйымдастырылды, – дейді №8 кітапхананың кітапханашысы Гаухар Есжанова.

Қазіргі таңда кітапхана балалардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлуде. Осы мақсатта «Жазғы кітап» бағдарламасы аясында танымдық сағаттар, әдеби кештер, кітап көрмелері, дауыстап оқу сағаттары, зияткерлік ойындар мен шығармашылық байқаулар өткізіліп келеді. Сонымен қатар «Ертегімен есейемін» және «Әдеби автобус» жобалары арқылы жас оқырмандардың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстар жүзеге асырылуда. Бұл жобалар балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың бос уақытын мазмұнды өткізуіне және әдебиет әлемімен жақынырақ танысуына мүмкіндік береді.

– Елімізде 2026 жылдың «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» болып жариялануы кітапхана қызметіне де жаңа серпін берді. Бүгінде жасанды интеллект пен заманауи цифрлық технологиялардың мүмкіндіктері кітап әлемін насихаттаудың тың тәсілдерін қалыптастыруда. №8 кітапхана әлеуметтік желілер арқылы кітаптарды таныстыратын бейнероликтер, виртуалды көрмелер, электронды ұсынымдар мен танымдық материалдарды әзірлеуде цифрлық құралдарды тиімді пайдаланып келеді.

Бұл жұмыстар оқырмандардың ақпаратқа қолжетімділігін арттырып, кітап оқуға деген қызығушылығын жаңа деңгейге көтеруге ықпал етеді. Рухани құндылықтарды дәріптеу мен білімді ұрпақ тәрбиелеу жолындағы бұл жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын тауып, кітапхана ауыл тұрғындарының сенімді ақпарат және мәдениет орталығы ретінде қызмет ете бермек, – дейді Гаухар Есжанова.

Ауылдық кітапханалардың кітап қоры, оқырман саны жылдан жылға артып отыр. Қазіргі таңда қоғамның барлық саласында, сондықтан ауылдық кітапханаларда да қарқынды өзгерістер, үлкен міндеттер байқалады. Кітапхана қызметін жетілдіру, кітапхана процестеріне жаңа технологияларды енгізу, құжаттарды цифрлық жүйеге көшіру жұмыстарын дамыту, кітап оқуды қолдау және кітапты насихаттау жұмыстары ауылдық кітапханаларда да жүргізіліп келеді.

Айтқолқы БАТЫРБАЙҚЫЗЫ  
Суретті түсірген Н.НУРЖАУБАЙ

Басы 1-бетте



## ЕҢБЕККЕ ЕРТЕ АРАЛАСҚАН ДҰРЫС ПА?

ЖҰМЫС ІСТЕУДЕ ҚАУІПСІЗДІК  
БІРІНШІ ОРЫНДА

Елімізде 14 жастан асқан балаларға жұмыс істеуге рұқсат берілді. Бұл туралы Үкімет отырысында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі мәлімдеді. Асқарбек Ертаевтың сөзінше, бүгінде 14 пен 18 жас аралығындағы жасөспірімдердің саны 1 жарым млн-нан асады. Соның ішінде 5 мыңнан астам оқушы ресми түрде еңбек етіп жүр екен. Олар сауда, ойын-сауық, демалыс және қоғамдық тамақтану орындарында жұмыс істейді. Басым көпшілігі курьер, сатушы-көпесші және аниматорлықты меңгерген екен.

– Бұл – олардың алғашқы еңбек тәжірибесін меңгеретін бағыттар. 14 пен 18 жас аралығындағы балалардың ең көп саны Түркістан облысында – 236,6 мың, Алматы облысында – 143,5 мың, Жамбыл облысында – 120 мың болып тіркелген. Ал қалалар арасында Алматыда – 161,8 мың, Астанада – 107 мың, Шымкентте – 112 мың жасөспірім бар. Оқушылар арасындағы ең жоғары жұмыспен қамтылу деңгейі мегаполистерде байқалады. Бұл республика бойынша жұмыс істейтін балалардың 59%-ы құрайды. Себебі ірі сауда және ойын-сауық орталықтарының басым бөлігі мегаполистерде орналасқан, – деді Асқарбек Ертаев.

Заң бойынша 14-16 аралығындағы балалар аптасына 24 сағат жұмыс істеуге мүмкіндік бар. Яғни, талап бойынша күніне 405 сағаттан аспау міндеттелген. Ал 16-18 жас аралығындағы жасөспірімдердің аптасына 36 сағат жұмыс істеуіне рұқсат берілген. Сонымен қатар 14 жастан еңбек шартына жасөспірімнің өзі ғана емес, ата-анасы да қол қоюы міндетті. 15 жаста негізгі орта білім алған жасөспірімдер ресми жұмыс істей алады. 16 жастан бастап еңбек шартын өз бетінше жасауға құқық беріледі. Жалақы көлемі 85 мың мен 127 мың теңге көлемінде.

Министрлік жұмыс істеу кезінде сақ болуға шақырады. Атап өтерлік жайт, еңбек шарты міндетті түрде жасалуын талап етуі қажет. Егер шарт жүйеде тіркелсе, жасөспірімнің еңбек өтілі ресми есептеліп, құқығы заңмен қорғалады.

«Менің ЖАЗҒЫ КАНИКУЛЫМ»  
ПЛАТФОРМАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛҒАН

Министр оқушыларды жұмыспен қамту және кәсіби бағдар беру үшін бірқатар шаралар қабылданып жатқанын айтты. Соның бірі Еңбек.kz порталынан «Менің жазғы каникулым» бөлімі арқылы оқушыларға арналған бос жұмыс орындарын таба алады. Платформа арқылы 14 жастан асқан оқушылар мен студенттер тіркеліп, жеке кабинет ашып, түйіндеме жариялап, бос жұмыс орындарын өз бетінше іздей алады. Оларға театр, кино, цирк сияқты шығармашылық салаларда жұмыс ұсынылады. Сондай-ақ сауда, тамақтану және SMM, маркетинг секілді digital бағыттары бар. Жүйе заңға қайшы келетін вакансияларды автоматты түрде бұғаттайды.

Айта кететін жайт, көмеlet жасына толмағандар тек жеңіл жұмыспен қамтылады. Материалдық жауапкершілік жүктелетін қызметтерге қабылдауға болмайды. Ал 16 жасқа толмаған оқушылар үшін тіркелуді ата-анасы немесе заңды өкілі рәсімдейді.

Министр мәліметінше, «Менің жазғы каникулым» платформасы арқылы 2026 жылдың басынан бері 1 024 оқушы, ал 2025 жылы 4 552 оқушы жұмысқа орналасқан. Платформа қауіпсіз өрі ресми жұмыс іздеуге және міндетті еңбек шарттарын жасауға мүмкіндік береді.

Мамандардың айтуынша, жазғы демалыста жұмыс істейтін жасөспірімдер үшін ең маңызды



мәселе – қауіпсіздік пен заңдылық. Көп жағдайда балалар еңбек шартынсыз жұмыс істеп, кейін жалақысын ала алмай немесе еңбек құқығы бұзылып жатады. Сондықтан да ешқандай ауыспа келісім болмауы керек. Еңбек шартының жасалуы бала құқығын қорғайды әрі еңбек өтілінің жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Ресми мәліметке сәйкес, 2025 жылдың қыркүйегінде Қазақстанда 14 пен 18 жас аралығындағы 15 мыңнан астам жасөспірім ресми түрде еңбек еткен. Ал бүгінде бірінші еңбек жүйесінде 6294 электрондық еңбек шарты тіркелген. Бұл елде жазғы демалыс кезінде жұмыс істейтін оқушылар саны аз емес екенін көрсетеді.

Мамандар ата-аналарға баласының қайда және қандай жағдайда жұмыс істейтінін мұқият бақылауға кеңес береді.

НЕЛІКТЕН ЖАСТАР ЖҰМЫС  
ІСТЕУГЕ ҚҰЛЫҚСЫЗ?

Бүгінде еңбекке қабілетті болғанымен, жұмыс істеуге ынтасы төмен жастар да аз емес. Кейбірі жоғары білім алғанымен, мамандық таңдауда қателесіп, еңбек нарығында өз орнын таба алмай жүр. Статистика бойынша әлемдегі жастар жұмыссыздығы 13 пайыз деңгейінде. Сонымен қатар жастардың едәуір бөлігі NEET санатына жатады. Яғни олар оқимайды, жұмыс істемейді және кәсіби даярлықтан өтпейді. Мамандар мұның басты себептерінің бірі – кәсіптік бағдар беру жұмысының әлсіздігі екенін айтады. Мектеп қабырғасынан бастап оқушыларға мамандық таңдаудың қыр-сырын түсіндіру маңызды.

Жапония мен Германия сияқты дамыған елдерде оқушыларға мектеп кезінен бастап кәсіптік бағдар беріледі. Олар түрлі өндіріс орындарымен танысып, тәжірибелік сабақтарға қатысады. Мұндай тәсіл жастардың болашақ мамандығын саналы таңдауға және еңбек нарығына ерте бейімделуіне ықпал етеді. Сондықтан Қазақстанда да кәсіптік бағдар беру жүйесін жетілдіру уақыт талабы болып отыр.

ҚЫЗЫМ ЕҢБЕК ЕТКЕНДІ ҚАЛАЙДЫ

Көпбалалы ана Толқын Жүнісбай баланы еңбекке баулу – тәрбиенің маңызды бөлігі деп есептейді.

– Қазіргі балалардың көпшілігі дайын дүниеге үйреніп барады. Сондықтан үй шаруасына араласып, өз еңбегінің нәтижесін көргені дұрыс. Еңбек ету арқылы жауапкершілігі артып, уақытын тиімді пайдалануды үйренеді. Дегенмен ата-аналар баласының денсаулығына зиян келмейтін, заң талаптарына сай жұмыстарды таңдағаны жөн. Ең бастысы – жұмыс оқуына келергі келтірмеуі керек. Баланың негізгі міндеті – білім алу, ал еңбек сол білімді өмірге қолдануға дайындайтын жақсы тәжірибе деп ойлаймын. 14 жастағы қызым мобилтографияны оқып, ізденіп жүр. Алдағы уақытта осы бағытта жұмыс істегісі келеді. Ең бастысы бұл сала өзіне ұнайды. Сонымен қатар сұранысқа ие. Қазіргі жастардың қызығушылығына сай өрі қауіпсіз. Менің ойымша, жасөспірімдердің жұмыс істеуі олардың тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер етеді, – дейді ол.

Еңбек – адамның өмірлік мектебі. Баланы ерте жастан еңбекке баулу оның жауапкершілігін арттырып, өз еңбегімен табыс табуын қадірін түсінуге үйретеді. Дегенмен жасөспірімдердің еңбек етуі заң аясында, қауіпсіз жағдайда және оқуына келергі келтірмейтіндей ұйымдастырылуы тиіс. Сонда ғана еңбек тәрбиесі жас ұрпақтың жан-жақты қалыптасуына оң әсерін тигізеді.

А.АЙТЖАНОВА

## ЖУРНАЛИСТ БОЛУ – АРМАНЫМ

«Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деп ұлы ақын Абай айтқандай, сөздің қоғам өміріндегі орны ерекше. Адамзат тарихында сөз арқылы халықтың санасы оянып, ұлттың рухы көтеріліп, маңызды өзгерістер жүзеге асқан. Сондықтан мен өз болашағымды журналистика саласымен байланыстыруды жөн көрдім. Мен үшін журналистика – жай ғана мамандық емес, ақиқатқа қызмет етудің, қоғамға пайда тигізудің және халықтың үнін жеткізудің жолы.

Бала кезімнен қоғамдық өмірге болып жатқан жаңалықтарға қызығушылық танытып өстім. Теледидардағы жаңалықтар бағдарламаларын көріп, газет-журналдардағы мақалаларды оқыған



сайын журналистердің еңбегіне деген құрметім арта түеті. Олар оқиганы баяндап қана қоймай, халықтың мәселесін көтеріп, елдің дамуына ықпал етеді. Осы қасиеттер мені журналистикаға жақындатты.

Ахмет Байтұрсынұлының «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген сөзі журналистиканың мәнін толық ашып береді. Шынында да, журналист қоғам мен халықтың арасындағы алтын көпір. Ол адамдарға маңызды ақпарат жеткізіп қана қоймай, олардың ой-пікірін қалыптастыруға әсер етеді. Сондықтан журналистің ең басты қасиеті – шынықтық адалдық деп есептеймін.

Белгілі журналист, өрі жазушы Шерхан Мұртаза өз шығармашылығы арқылы әділдіктің, батылдықтың және азаматтық ұстанымның үлгісін көрсетті. Оның өмір жолы мен еңбегі маған үлкен мотивация береді. Мен де болашақта қоғамдағы маңызды мәселелерді көтеріп, халықтың сеніміне ие болатын журналист болғым келеді.

Журналистика мамандығының тағы бір ерекшелігі – оның шығармашылыққа жақын болуы. Қазіргі цифрлық дәуірде ақпараттың рөлі бұрынғыдан да күшейді. Әлеуметтік желілер мен интернет кеңістігінде түрлі ақпараттар таралады. Осындай жағдайда кәсіби журналистің міндеті

– шынайы деректі анықтап, оны халыққа дәл әрі түсінікті жеткізу. Бұл үлкен жауапкершілікті талап етеді. Мен осы жауапкершілікті сезіне отырып, өз білімім мен қабілетімді осы салада дамытуға дайынмын. «Тура биде иман жоқ» деген халық даналығы әділдіктің маңызын көрсетеді. Мен болашақ журналист ретінде әрқашан әділдік пен шынықты басты құндылықтарымның бірі ретінде ұстанғым келеді. Себебі журналистің сөзі қоғамға әсер етеді, ал қоғам сенімі – ең үлкен жауапкершілік.

Мен журналист мамандығын таңдадым. Өйткені бұл мамандық менің қызығушылықтарым мен мақсаттарымға толық сәйкес келеді.

Әділет СМАҒҰЛ,

С.Толыбеков атындағы

№3 ІТ мектеп-лицейінің оқушысы

БАСЫ 1-БЕТТЕ

• КОЛЛАЖ А.НҮР



## ЕҢБЕКПЕН ЕҢСЕ ТІКТЕГЕН АУЫЛ

Үш мыңнан астам тұрғынның құт мекеніне айналған ауылдың экономикалық белсенді халық саны – 1634. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар – 586. Жыл басынан 5 адам тұрақты жұмыспен қамтылса, «Қоғамдық жұмыс» бағдарламасы бойынша халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шарасы арқылы 10 тұрғын қоғамдық жұмысқа тартылған. Бюджет жоспары 161,4 млн теңгеге бекітілсе, 56%-ға орындалған.

– Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жыл басынан бері 9 жоба мақұлданды. «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры арқылы субсидия бойынша 1 жоба 90 млн теңгеге қаржыландырылса, «Ауыл аманаты» бағдарламасымен 73,8 млн теңгенің 8 жоба мақұлданды. Әлеуметтік сала бойынша жыл басынан аз қамтылған 26 отбасына атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды. Ауылдық округ тұрғындарын міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде Абай елді мекеніндегі медициналық амбулатория дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілді. 1550 гектар аумаққа күріш дақыл егілді. Оның 180 гектары – жүгері, 399 гектары – жаңа жоңышқа, 507 гектары ескі жоңышқа және 31 гектары – бидай. Ауылда егін шаруашылығымен айналысатын 28 шаруа қожалығы бар. Абай ауылындағы көшелерге 61 514 мың теңгеге тас төселсе, мәдениет үйіндегі 130 сахна орындығы жаңартылды. Ал Досан ауылына 7,5 млн теңгеге балалар ойын алаңы салынууда, – дейді ауыл әкімі Сейдуали Әбдіқадыров.

– Еңбек еткенге бақыт басын иеді. Қазіргідей заманда тірлік етпей қарап отыруға болмайды. Тырбанған адамға нан табудың жолы көп. Ерте көктемнен көп іске қамданып, мал басын көбейтуге, жем-шөптің мол қорын жасауға дайындаламыз. Күннің жылт еткені – шаруалар үшін қолайлы сәт. Қора қоспымызды бүтіндеп, ки оямыз. Ірі қараның да, уақ малдың да саулығына ден қойып, арнайы дәрігерге жүгінеміз. Бүгінде қорада жылқы, қой, аналық сиыр, ешкі бар. 1000 гектар жайылымдық жерді 5 жылға жалға алып отырмын. Мұнымен шектелмей көлік жуатын орын да ашып қойдым. Ауылдың екі тұрғынын жұмыспен қамтып отырдым. Ауылдағы қайырымдылық іс-шараға атсалысып тұрамын. Туған жердің төл перзенті болған сон бұл қолғабысты орынды деп ойлаймын. Әкем Токтамыс Әшірбеков пен анам Гүлжахан Әбсадықованың да кәсібінің өркен жайып, дамуына еңбегі зор. Олар – ақылшы қамқоршыларым. Адал еңбекке жастай баулығаны үшін, өмірден өз орнымды аласпай табуыма көмектесіп, бағыт бергені үшін ата-анам басымды иіп, алғыс айтамын, – дейді кәсіпкер Бекзат Әшірбеков. Жас болса да, ісіне мығым Бекзат осы ауылдың тумасы. Жастайынан малсақ боп өскен Бекзат осы мал шаруашылығымен айналысуды жөн көріпті.

### Жас кәсіпкердің жаңа жобасы

«Ауыл аманаты» жобасы ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуға және нарықты сапалы жергілікті өніммен қамтамасыз етуге серпін беруімен маңызды. Осы жобамен кәсіп бастағандардың қатарында Қосшыңырау ауылдық округінің тұрғыны Ербол Қудалша да бар. Жас кәсіпкер ауыл шаруашылығы саласындағы негізгі бағыттың бірі – «Құс егін өндіру» жобасын әзірлеп, 8,6 млн теңге көлеміндегі жеңілдетілген несиеге қол жеткізді.

Бұл қаржыға құс фермасына ғимарат салып, 1500 дана бройлер балапанын күтімге алды. Шөжелер 30-35 күн ішінде 2-2,5 келіге дейін ет береді. Жалпы құс фабрикасының жобасына несие қаражатынан бөлек 7 млн теңге инвестиция тартылған. Фабрика сыйымдылығы 1500-2000 құсқа арналған 1 бордақылау, қалдықты өңдеу цехынан және әкімшілік ғимаратынан тұрады. Қазіргі таңда құс фермасының екінші ғимараты қасапхана бағытында салынууда. Кәсіп иесі алдағы уақытта облысқа қарасты аудандарды да тауық етімен қамтамасыз етуді жоспарлауда.

### «Ақ ниет» әжелер ансамблі

Қосшыңырау ауылдық округі Абай ауылының мәдениет үйі жанынан «Ақниет» әжелер ансамблі мүшелігіндегі әзіз әжелер кейінгі ұрпаққа тек ізеттілік танытып қоймай, қандай да шараның басы-қасынан табылып жүргені қуантады. Құрылғанына 10 жыл болған әжелер ансамблі халық әндері мен жергілікті сазгерлердің әндерін насихаттап халық арасына таратып келеді. Құрамында 10 әже бар өнер ұжымы Алматы қаласында өткен V халықаралық «Жаңа есім» өнер фестиваліне қатысып, I орын иеленсе, «Мәдениетіміз – ортақ қазына» атты мәдениет майталмандары арасында өткен достық фестивалінде, «Шығармашыл ұжым» номинациясымен марапатталды. Ақ жаулықты өнерпаздар Шиелі ауданының ұйымдастыруымен өткен «Әжелер салған ән қандай» атты облыстық әжелер байқауында жүлделі III орын алды.

Сонымен қатар «Ұлағат болсын ұлына, ғибрат болсын қызына» атты облыстық байқауда I орын алса, «Әжелер» облыстық байқауының бас жүлдесін, ұлттың ұйытқысы, тәлім тәрбиенің тұма бастауы асыл әжелердің өнегесін кейінгі ұрпаққа насихаттау мақсатында өткен «Әже – көңілдің ажары, немере – өмірдің базары» атты қалалық байқауында III орын иеленіп, жеңіске жетті.

Ансамбль мүшелері «Туған жер», «Жарапазан», «Атамекен», «Сәулем-ай» халық әндерінен құралған попури әндерді орындап, көрермендердің ыстық ықыласына бөленіп жүр.

### Ауыл тарихымен өміршең

Әдетте, қай ауылға барсақ та бұл жерден қандай текті ұрпақ өсіп-өнгенін білуге, оны көпшілікке жа-


рия етуге құлшынып тұрамыз. Себебі кейінгі толқын өткен тарихты біліп, туған жерін тұмарлаған текті жандарды танысын деген ниетіміз бар. Сол үшін өткен тарихты тірілту бүгінгі ұрпаққа парыз саналмақ.

Абай атындағы ауылды сөз еткенде ондағы еңбек адамын атамай өту мүмкін емес. Егін шаруашылығында жоғарғы көрсеткішке жеткен диқан, механизаторлар баршылық. Олардың қатарында 10000 центнер астық бастырып екі мәрте одақтық көрменің жеңіл көлігін жеңіп алған Әлайдар Ысқақовты ерекше атауға болады. Темірбек Әбуов, Төрехан Төлегенов, Айдар Омаров, Қарымсақ Батырбеков, Якуда Ысқақов, Бақытбек Шайкелмелов, Жайман Пірмағамбетов, Қабылда Бимекенов секілді механизаторлар ел ырысына үлес қосқан азаматтар. Осы ауылдан түлеп ұшқан облыстық дәрежедегі қайраткер Жүсіп Бисариев, Еңбек Ері Оразбай Әбішев, министрлер Мүсілім Базарбаев, Ибрагим Еділбаев, ғалымдар Ә. Жаманқұлов, Тотай Тұрлығұлов, белгілі диқан, ауыл шаруашылығының білікті қайраткері Досан Елеусиновтерді өмірге әкелген қасиетті мекен.

– Абай ауылының киелі топырағы қабырғалы қаламгер, аркалы ақын, дарынды драматург, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Иранбек Оразбаева, белгілі ақын-композитор, ардагер-ұстаз Ділдахан Торғаеваға өмір сыйлаған кәсіпкерлі ауыл. Қала іргесіндегі ауыл осыншама текті жандарға ауыл бесік болғанын біреу білсе, біреу білмеуі мүмкін, – дейді ауыл әкімі Сейдуали Әбдіқадыров.

Өткенге оралып сабақ алмай, болашаққа бағдар жасау ұрпақ сабақтастығын бағаламауға алып келеді. Сондықтан бүгін рухани алтын сандықтың қамбисін ашып, ауылда кезінде еселі еңбек еткен қайраткерлердің де атын атап, қазіргі жас ұрпақтың еңбегіне шолу жасадық. Ғасыр бедеріндегі жылдарда шежірелі тарихқа куә болған ауыл өркендеп, өсе берсін! Себебі ауыл – ел бесігі, өркеніет өлшемі, жылдар жемісі екенін ұмытпауымыз керек. Мұнда аға ұрпақ еңбекпен есейсе, кейінгі ұрпақ сол дәстүрдің ізін жалғауда.

Бетті дайындаған Гаухар ҚОЖАХМЕТОВА



БАСЫ 1-БЕТТЕ

## «АУЫЛ АМАНАТЫМЕН» КӘСІБІН КЕҢЕЙТТІ



Жанат Токмейлова «Нұрай» жеке кәсіпкерлігі арқылы тұрғындарды қолжетімді бағадағы ет, сүт өнімімен қамтамасыз етуде. Шаруашылықта 200 бас жылқы, 150 бас сиыр және 100 бас қой өсіреді. Сонымен қатар кәсіпкердің жеке фермасы мен шағын дүкені тұрақты жұмыс істейді.

– Халқымыздың ерекше қастерлеп және жанына жақын көрген төрт түлігінің ішіндегі пір тұтқаны – жылқы малы. Халқымызда «қазақ, дала, жылқы» деген сөздер бір-біріне жақын тамырлас та, тағдырлас. Мен 1975 жылы қазіргі Ұлытау облысының Қаныш Сәтбаев қаласында дүниеге келдім. 1980 жылы отбасымызбен Қызылорда қаласына қарасты Талсуат ауылына қоныс аудардық. Сол жылдары отбасын асырау, аяққа тұрғызу үшін жеке кәсіпкерлікті бастау керектігін білдім. «Кәсіпкер болсам немен айналысамын, қалай бастаймын?» деген сауал мазалай берді. Ойлана келе пайда туралы алғашқы жылдары ойламай, бел шеше тырбанып, еңбек ету керектігін білдім. Осылайша 2012 жылдан бастап «Нұрай» жеке кәсіпін құрып, мал шаруашылығымен айналыстым. Әсіресе жылқы малы өте киелі. Жылқы баққан иесінің мінез-құлқын, даусын, бұйрығын мүлтіксіз түсінеді. Боқтағанын, ашуланғанын өзін ұстап алса ұратынын сезіп ұстатпай қашады. Жақсы көргенін, еркелеткенін дауыс ырғағынан байқап иесіне жақындайды.

Жылқының мейір-махаббаты күшті болады. Биелер құланы ауырып қалса, манайынан ұзап кетпейді. Бір айлық жерге апарып тастаса да құланы үшін бірнеше күнде қайтып келеді. «Ауыл аманаты» жобасы біз секілді ауыл кәсіпкерлеріне үлкен мүмкіндік берді. Мемлекет пен партияның қолдауының арқасында кәсібімізді кеңейтіп, мал басын арттыруға жол ашылды. Біздің басты мақсатымыз – халықты сапалы әрі қолжетімді өніммен қамтамасыз етіп, ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту», – дейді кәсіпкер.

Жанат Токмейлова кәсіпкерлікпен қатар қоғамдық жұмыстарға да белсенді қатысады. Ол аз қамтылған отбасыларға қолдау көрсетіп, қайырымдылық шараларына тұрақты түрде атсалысып келеді.

– Қоғамға пайдамды тигізіп, мұқтаж жандарға қолдау көрсету – азаматтық парызым деп есептеймін. Адамдардың алғысы бізді жаңа бастамаларға жігерлендіреді, – дейді ол.

Кәсіпкердің алдағы жоспары да ауқымды. Талсуат ауылынан аукцион арқылы 15 гектар жер телімін алып, мал бордақылау алаңы мен өндірістік цех салуды көздеп отыр.

Киелі жылқы малын өсіріп, қорасын малға толтырып отырған Жанат жылқының қасиетін де бес саусақтай білетін болып шықты. Ер мінезді қайсар жан ауылдағы үш азаматты жұмыспен қамтып отыр. Әйел затының табиғатына күрделі мал шаруашылығымен айналысу өте қиын. Айына жем-шөптің өзіне миллион теңге ақша керек екен. Шаруашылық ет өндірумен бірге қымыз баптаумен де айналысады. Жанат Токмейлова біздің аймақ атынан Астанада өткен ауыл әйелдерінің форумына қатысып, тәжірибесін республикаға таратып келді. Өзі тұратын Талсуат ауылдық округіндегі тұрмысы төмен отбасыларға көмектесіп, түрлі шараға демеушілік көрсетіп, елдің батасын алып жүр. Бейнетінің рақатын көріп жылқыны асылдандырып отырған Жанаттың бұл кәсіпін айналысқанына да 10 жылдан асты. Жоқ деп ешкімге алақан жаймай, маңдай терімен отбасын ғана асырап қоймай, атымтай жомарттықтың үлгісін көрсетіп, ауыл халқына да жәрдемдесіп отырған кәсіпкердің берекелі ісіне ел риза. Отбасында 3 қыз, 1 ұл тәрбиелеп, ошағының шамын маздағып отырған отанасы. Балаларының бәрі оқу озаты атанып, жоғарғы оқу орнын бітірген түрлі мамандық иелері. Нағашы атасынан қалған ата кәсіпті жоғалтпай, аманатты мұратты іске айналдырып отырған кәсіп иесінің жұмысына береке тіледік.



Меншік иесі:

**SYR MEDIA**  
жауапкершілігі  
шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.  
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдардағы пікір редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сар медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68  
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.  
Таралымы 4400 Тапсырыс №995

Нөмірдің кезекші редакторы Гаухар Қожамбетова